

2016 жылдың 1 тоқсанына сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау қорытындылары бойынша талдамалы анықтама

1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау объектілері: Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха ауданы әкімдігінің қызметі.

2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері министрінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 18 бұйрығымен бекітілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес жүргізілді.

Аудан әкімінің 2015 жылғы 22 маусымдағы № 114-І өкімімен сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу мақсатында жұмыс тобы құрылды.

ШҚО Бородулиха ауданы әкімдігі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті және Үкіметімен актілеріне, ережелерге сәйкес жүзеге асырады.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдаудың жұмыс тобымен Бородулиха ауданының әкімдігі өз қызметінде басшылыққа алатын Кодекстер, заңдар, нормативтік-құқықтық актілер, құқықтық актілер зерделенді.

Аудан әкімдігінің қызметін қозғайтын мемлекеттік органдардың ережелерін, нормативтік құқықтық актілерді және құқықтық актілерді (регламенттерді, қаулыларды, өкімдерді, бұйрықтарды) зерделеу барысында сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға ықпал ететін дискрециялық өкілеттік пен нормалар анықталған жоқ.

Аудан әкімдігінің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде 2016 жылдың 1 тоқсанында келесі бағыттарға сыбайлас жемқорлыққа қарсы талдау жүргізілді.

1) персоналды басқару, оның ішінде кадрлардың ауысуы;

Аудан әкімдігінің штат бірлігі 2016 жылдың 1 тоқсанының аяғына штат бойынша- 192, нақты жұмыс істейтіндердің саны- 186, бос орын – 6, ауысуы-2, өз еркі бойынша босатылғандар-2, теріс себептер бойынша- жоқ, тәртіптік жауапкершілікке тартылғандар-9 мемлекеттік қызметші, мерзімінен бұрын тәртіптік жазасы алынғандар-2. Аудан әкімдігінің барлық қызметкерлері атқарып отырған лауазымның біліктілік талаптарына сәйкес келеді. Аудан әкімдігінің тәртіптік және конкурстық комиссияларының құрамы тиісті түрде бекітілген. Барлық қызметкерлер оқу, біліктілікті арттыру мерзімі мен тәртібін қадағалайды. Еңбек тәртібін бұзу, еңбек тәртібін қайталап бұзу, мемлекеттік қызметшілермен әкімшілік және қылмыстық құқықтық бұзу, бұрын сыбайлас жемқорлыққа қатысты құқық бұзушылыққа жол берген, қылмыстық құқық бұзушылық жасаған тұлғаларды жұмысқа қабылдау фактісі орын алмаған.

2) мүдделер қақтығысы анықталмаған;

3) аудан әкімі аппаратына бағынысты дербес бөлімдер мен ауылдық округ әкімдіктерінен 84 түрлі мемлекеттік қызмет көрсетіледі. 2016 жылдың 1 тоқсанында 9749 мемлекеттік қызмет көрсетілген, оның ішінде баламасыз негізде мемлекеттік орган арқылы 94 қызмет, баламалы негізде 7026, мемлекеттік корпорациялар арқылы 623 және электронды түрде (ЭҮП және Е-қуәландыру МДБ арқылы) 2006 қызмет көрсетілді. Мемлекеттік қызмет

көрсету бойынша орнатылған мерзімді бұзу болған емес, қызмет алушылар тарапынан қызмет көрсетушілердің атына арыз түскен емес.

Зерттелген кезеңнің өтініштерін талдау сыбайлас жемқорлық тақырыбына жататын өтініштер жоқ екендігін көрсетеді. Өтініштердің көбі жер пайдалану, тұрғын үйді жекешелендіру, тұрғын алаңын кеңейту туралы. Жеке және заңды тұлғалар өтініштерінің есебі ЭҚАБЖ есепке алынатындықтан, тікелей жазбаша жүгінген тұлғаларға бірегей нөмірі бар талон беріледі. Аудан әкімдігінің бекітілген кестесіне сәйкес тұрақты негізде жеке мәселелер бойынша азаматтарды қабылдау жүргізіледі.


Аудан әкімдігінің мемлекеттік қызметшілеріне қатысты бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған теріс материалдарға тұрақты мониторинг жүргізіледі. Зерттелген кезеңде аудан әкімдігінің атына жазылған теріс сипаттағы материалдар болған емес.


2016 жылдың 1 тоқсанында аудан әкімдігінің қызметіне қатысты уәкілетті органдармен тексеру жүргізілген жоқ.


«Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 26 желтоқсандағы № 986 Жарлығын жүзеге асыру мақсатында ШҚО Бородулиха ауданы әкімдігінің 2015-2017 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлықпен күрес бойынша іс-шаралар жоспары бекітілді. Жоспарда жалпыға бірдей құқықтық білім беруді ұйымдастыру және өткізу бойынша, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы, аудан әкімдігінің қызметіне қатысты заңдарды түсіндіру бойынша «Нұр Отан» партиясының аудандық филиалымен өткізілетін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шараларға қатысу, аудан әкімдігінің құзіретіне жататын мәселелер бойынша бұқаралық ақпарат құралдарынжа жарияланған теріс материалдарға қатысты әрекет ету мониторингі, аудан әкімдігінің қызметі туралы ақпаратты аудан әкімдігінің сайтында орналастыруды қамтамасыз ету, сыбайлас жемқорлық бағытындағы айдарларды жаңарту қарастырылған.

Жоғарыда аталғандардың негізінде жұмыс тобы, аудан әкімдігінің қызметінде сыбайлас жемқорлық қауіптері анықталған жоқ деген шешімге келді. Сонымен қатар сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жол бермеу үшін сыбайлас жемқорлыққа қатысты құқық бұзушылықтың алдын алуды насихаттау бойынша тұрақты негізде жұмыс жүргізуді ұсынды.

Жұмыс тобы:

 С.Н.Лазурин

 А.С.Кубаева

 В.Г.Драчев

 З.М.Шалгимбаева

 А.Х.Нигматзанова

 Т.К.Құсманова